

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2000 жылғы 21 қарашадағы
N 263 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 қазандағы N 08-1/47 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 14 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2044. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 08-1-1-1/13 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2011.01.19 № 08-1-1-1/13 (мемлекеттік тіркелу күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 мамырдағы Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілетті өкілдіктерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2000 жылғы 21 қарашадағы N 263 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және өкілетті өкілдіктерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулыққа:

1) 1 5 т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетелдіктер асырап алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын бала Қазақстан Республикасының азаматтығын өзі кәмелетке толғанға дейін сақтайды.

Қазақстан Республикасы азаматтары асырап алған бала, асырап алушылардың екеуі де немесе асырап алушылардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтығын өзі кәмелетке толғанға дейін сақтайды.

Осы тармақтағы аталған баланың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына ол кәмелетке толғаннан кейін және оның тілегі бойынша ғана жол беріледі.";

2) 20 тармақтың 2) тармақшасында:

"бес" деген сөз "үш" деген сөзбен алмастырылсын;

"бесжылдық" деген сөз "үшжылдық" деген сөзбен алмастырылсын;

3) 37 тармақтағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бекітетін Консулдық алымдардың тарифімен" деген сөз "Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен" деген сөзбен алмастырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелу күнінен бастап күшіне енеді.

М е м л е к е т т і к х а т ш ы -

Министр